



«Kaspi Bank» АҚ-тағы Kaspi Red Бас шартына өзгеріс

Директорлар кеңесінің шешімімен (02.09.2019 ж. № 2019/09-69 хаттама) бекітілген Kaspi RED Бас шартына (бұдан әрі – Шарт) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Шарттың 13.8-тармағы мына мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:
«Егер Клиентпен осы Шарттың аясында бірнеше БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарттары жасалған жағдайда, Kaspi осындай БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарттарының кез келгенін өз қалауы бойынша және хабарламалар жолдамай бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзылатын (тоқтатылатын) БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шарты бойынша барлық міндеттемелер, құқықтық қатынастар, соның ішінде Берешекті өтеу тәртібі мен талаптары осы абзацта көзделген тәртіппен бұзылмаған, Клиентпен жасалған БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ шартымен реттеледі».
